

және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» бүйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 28.01.2016 жылғы №91 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бүйрығы басшылыққа алынған.

005 – «Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу» бюджеттік бағдарламасы бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер 2017 жылы 116429,6 мың теңгеге, 2018 жылы 133832,0 мың теңгеге сатып алынған.

*б) жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғанышыларға) ай сайынга ақшалай қаражат төлемі бағдарламасы бойынша жүмысалған қаражаттардың негізділігі.*

Қазақстан Республикасы Укіметінің 30.03.2012 жылғы №383 «Қорғанышыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау қағидалары және оны төлеу мөлшерін бекіту туралы» каулысына сәйкес қорғанышыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы күтіп-бағуға жәрдемақы молшері айна он айлық есептік көрсеткіш көлемінде төленген.

Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғанышыларға) 2017 жылы 33506,0 мың теңге, 2018 жылы 36445,0 мың теңге жәрдемақысы төленген.

*в) патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу бағдарламасы бойынша жүмысалған қаражаттардың негізділігі.*

2017 жылы 030 «Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу» бюджеттік бағдарламасының 000/132 ерекшелігі бойынша патронат тәрбиешілердің енбегіне ақы төлеу бойынша 277,0 мың теңге енбекақысы төленген. 000/322 ерекшелігі бойынша жеке тұлғаларға берілетін трансфертер есебінен қорғанышыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға 390,0 мың теңге жәрдемақы төленген.

2018 жылы 030 «Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу» бюджеттік бағдарламасының 000/132 ерекшелігі бойынша патронат тәрбиешілердің енбегіне ақы төлеу бойынша 354,9 мың теңге енбекақысы төленген. 000/322 ерекшелігі бойынша жеке тұлғаларға берілетін трансфертер есебінен қорғанышыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға 577,2 мың теңге жәрдемақы төленген.

Патронат тәрбиешілерге берілген балаларды асырап бағу бағдарламасы бойынша қаражатты жұмысдауда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.03.2012 жылғы №381 «Патронат тәрбиешілерге берілген балаларды күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеуді жүзеге асыру қағидаларын және оның молшерін бекіту туралы» қаулысы талаптары сақталған.

*2) ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі.*

2017 жылы:

067 – «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша 2017 жылы 682670,9 мың теңге жұмсалған, оның ішінде қелесі кіші бардартамалар бөлінісінде:

067/000/149 «Өзгеде құралдар алуға» ерекшелігі бойынша 2017 жылдың 25 тамызында «Алакөл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Абдрахманова Г.Н.» ЖК-і арасында төль сатып алуға 480,0 мың теңгеге № 316 келісім шарт жасалған. Келісім шарттың 1 қосымшасына сай тауарларды жеткізу мерзімі 2017 жылдың тамыз айы болып айқындалған. 2017 жылғы 28 тамызындағы қабылдау актісімен қабылданып алынған.

067/000/413 «Көлік құралдарын сатып алу» ерекшелігі бойынша 2017 жылдың 11 мамырында «Алакөл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «СемАЗ» ЖШС-і арасында 12 орындық Микроавтобус көлігін сатып алуға 7900,0 мың теңгеге № 163 келісім шарт жасасқан. Келісім шарттың 1 қосымшасына сай тауарды жеткізу мерзімі 2017 жылдың 20 мамыры болып айқындалған. 2017 жылдың 16 мамырындағы қабылдау актісімен қабылданып алынған.

067/000/414 «Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу» ерекшелігі бойынша «Алакөл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен «Демеу» Мүгедектер қоғамдық бірлестігі арасында 375,0 мың теңгеге құжаттар салатын шкафтар сатып алуға №311 келісім шарт жасасқан. Келісім шарттың 1 қосымшасына сай тауарды жеткізу мерзімі 2017 жылдың 31 тамызы болып айқындалған. 2017 жылдың 28 қыркүйегіндегі №128 шот фактурасымен қабылданып алынған.

2 Тармақ. Алайда, «Демеу» Мүгедектер қоғамдық бірлестігі келісім шарт бойынша өзіне қабылдаған міндеттерін 28 күнтізбелік күнге кешіктіріп орындағаны анықталды. Бұл ретте негізгі келісім шарттың 7.3 тармағына сәйкес орындаушы жұмыстарды кешіктірген әр күнтізбелік күніне келісім шарттың жалпы сомасынан (31.08.2017 - 28.09.2017 жыл 375000 теңге\*0,1%\*28 =10500 теңге.) 0,1% тұрақсыздық айыпұл немесе **10500 теңге** аудит барысында 26.04.2019 жылғы № 99 төлем тапсырмасымен бюджет есебіне ондірілді. («Алакөл ауданының білім бөлімі» ММ-нің есепшісі А.Исаханованаң тусініктемесі, 25.08.2017 жылғы № 311 келісім шарт көширмесі, 28.09.2017 жылғы № 218 жүк құжат (накладная) көширмесі,

26.04.2019 жылғы № 99 түбіртек көшірмелері тіркелді. б – қосымша 22–34 бетте).

067/000/421 «Жайларды, ғимараттарды, құрылыштарды, беру қондыргыларын құрделі жөндеу» ерекшелігі бойынша 608564,9 мың тенге жұмсалған. Оның ішінде:

a) 2017 жылдың 17 ақпанында «Алакөл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Ушарал – көркейту» ЖШС-і арасында Алматы облысы Алакөл ауданы Қазақстан ауылындағы «Қабанбай батыр атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектебінің» ғимаратына құрделі жөндеу жүргізуге жобалық сметалық құжаттама әзірлеуге 6930,1 мың тенгеге № 98 келісім шарт жасалған.

2017 жылдың 25 мамырында «Ушарал – көркейту» ЖШС-мен Алматы облысы Алакөл ауданы Қазақстан ауылындағы «Қабанбай батыр атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектебінің» ғимаратына құрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге 176450,3 мың тенгеге № 173 келісім шарт жасалған. Келісім шарттың 1 қосымшасына сай жұмыстарды аяқтау мерзімі 2017 жылдың тамыз айы болып айқындалған.

«Қабанбай батыр атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектебінде» жүргізілген құрделі жөндеу жұмыстарына техникалық бақылау жүргізу қызметіне «УКС» ЖШС-мен 2017 жылғы 29 мамырында № 177 келісім шарт 2383,8 мың тенгеге жасалған. Келісім шарт бойынша қызметтер 31 тамызға дейін көрсетіледі.

«Қабанбай батыр атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектебінде» жүргізілген құрделі жөндеу жұмыстарына авторлық бақылау жүргізу қызметіне «Арх Коксу» ЖШС-мен 2017 жылғы 29 мамырында № 178 келісім шарт 352,8 мың тенгеге жасалған. Келісім шарт бойынша қызметтер 31 тамызға дейін көрсетіледі.

2017 жылғы 25 тамызындағы қабылдау актісімен жұмыстар аяқталып кабылданған алынған.

b) 2017 жылдың 11 шілдесінде «Алакөл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Ушарал – көркейту» ЖШС-і арасында Алматы облысы Алакөл ауданы Қарабұлақ ауылындағы «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Қарабұлақ орта мектебінің» ғимаратына құрделі жөндеу жүргізуге жобалық сметалық құжаттама әзірлеуге 12838,0 мың тенгеге № 266 келісім шарт жасалған.

Мемлекеттік сараптама қортындысы 2017 жылғы 20 сәуіріндегі № 18-0078/17.

2017 жылдың 28 маусымында «Ушарал – көркейту» ЖШС-мен Алматы облысы Алакөл ауданы Қарабұлақ ауылындағы «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Қарабұлақ орта мектебінің» ғимаратына құрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге 388607,0 мың тенгеге № 241 келісім шарт жасалған. Келісім шарттың 1 қосымшасына сай жұмыстарды аяқтау мерзімі 2017 жылдың қыркүйек айы болып айқындалған.

«Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Қарабұлақ орта мектебінде» жүргізілген құрделі жөндеу жұмыстарына техникалық бақылау жүргізу

Тұрғын

қызметіне «УКС» ЖШС-мен 2017 жылғы 12 шілдесінде №267 келісім шарт 5440,9 мың теңгеге жасалған. Келісім шарт бойынша қызметтер 30 қыркүйекке дейін көрсетіледі.

«Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Қарабұлақ орта мектебінде» жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарына авторлық бақылау жүргізу қызметіне «Алакөл Жоба» ЖШС-мен 2017 жылғы 14 шілдесінде №268 келісім шарт 707,7 мың теңгеге жасалған. Келісім шарт бойынша қызметтер 30 қыркүйекке дейін көрсетіледі.

2017 жылғы 25 қыркүйегіндегі қабылдау актісімен жұмыстар аяқталып қабылданып алынған.

**3 тармақ.** Алайда, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдесінгеді №242 «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылымы және құрылымы қызметтері туралы» Заңының 60 – бабы 1 – тармағының талаптары және Қазақстан Республикасының 8.02–09–2002 жылғы құрылымы нормаларының жиынтығының 3 бабы 3.4 тармағының талаптары және Қазақстан Республикасының 8.02–09–2011 жылғы құрылымы нормаларының жиынтығының 4 бабы 4.3 тармағының талаптары сақталмай, мердігер «Ушарал – көркейту» ЖШС-нен жобалау-сметалық құжаттамалармен қарастырылған уақытша салынған ғимараттар мен қондырғылардың 15 пайызын құрайтын **633 337 теңге** сомасы жергілікті бюджет есебіне қайтарылмаған, аудит корытындысымен осы сома жергілікті бюджет есебіне қайтарылуға жататыны ескертілді. («Алалқөл ауданының білім бөлімі» ММ-нің басшысының орынбасары Б. Сергазинның тусініктемесі, 28.06.2017 жылғы № 241 келісім шарт көширмесі, құрылымы құнының сметалық есебі (сметный расчет стоимости строительства) көширмелері тіркелді. б-косымша 35–48 бетте).

2018 жылы:

067 – «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен үйымдардың күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша 2018 жылы 1750981,9 мың теңге жұмсалған, оның ішінде келесі кіші бардарламалар бөлінісінде:

067/000/149 «Өзге құралдар алуға» ерекшелігі бойынша 15 келісім шарт жасалынып, жалпы сомасы 3 446,0 мың теңге шаруашылық заттары алынған.

067/000/159 «Өзге жұмыстар мен қызметтерді төлеу» ерекшелігі бойынша 991,0 мың теңгеге 1 келісім шарт жасалып, жылыту қазандығына сервистік қызмет көрсетуге игерілген.

067/000/414 «Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу» ерекшелігі бойынша 113 804,2 мың теңгеге 36 келісім шарт жасалған, оның ішінде: мультимедиялық компьютер алуға 25 844,0 мың теңгеге 5 келісім шарт, мектеп жабдықтарын қамтуға 66 056,2 мың теңгеге 21 келісім шарт, бейнебақылауға 21 280,0 мың теңгеге 8 келісім шарт, елтаңба 100,0 мың теңгеге 1 келісім шарт, ту 524,0 мың теңгеге 1 келісім шарт жасалған.

067/000/419 «Негізгі құралдар алуға» ерекшелігі бойынша 720,0 мың теңгеге бейнебақылау жиынтығын сатып алуға 1 келісім шарт жасалған.

067/000/421 «Жайларды, ғимараттарды, құрылыштарды, беру қоидырғыларын құрделі жөндеу» ерекшелігі бойынша 1632020,7 мың теңге жұмсалған. Оның ішінде:

a) «Алакөл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Ушарал – көркейту» ЖШС-і арасында Алматы облысы Алакөл ауданы Қабанбай ауылындағы «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Омар Молдаглжин атындағы орта мектебінің» ғимаратына құрделі жөндеу жүргізуге жобалық сметалық құжаттама әзірлеуге 2017 жылдың 05 желтоқсанында 23447,5 мың теңгеге №412 келісім шарт жасалған.

Мемлекеттік сараптама қортындысы 2018 жылғы 06 наурызындағы №18-0042/18.

2018 жылдың 08 маусымында «Фирма Мега-Сервис» ЖШС-мен Алматы облысы Алакөл ауданы Қабанбай ауылындағы «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Омар Молдаглжин атындағы орта мектебінің» ғимаратына құрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге 496121,3 мың теңгеге №266 келісім шарт жасалған. Келісім шарттың 1 қосымшасына сай жұмыстарды аяқтау мерзімі 2018 жылдың тамыз айы болып айқындалған.

«Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Омар Молдаглжин атындағы орта мектебінде» жүргізілген құрделі жөндеу жұмыстарына техникалық бақылау жүргізу қызметіне «УКС» ЖШС-мен 2018 жылғы 05 шілдесінде №298 келісім шарт 9276,9 мың теңгеге жасалған. Келісім шарт бойынша қызметтер 30 қазанына дейін көрсетіледі.

«Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Омар Молдаглжин атындағы орта мектебінде» жүргізілген құрделі жөндеу жұмыстарына авторлық бақылау жүргізу қызметіне «Арх Қексу» ЖШС-мен 2018 жылғы 05 шілдесінде №295 келісім шарт 1373,3 мың теңгеге жасалған. Келісім шарт бойынша қызметтер 30 тамызына дейін көрсетіледі.

2018 жылғы 29 тамызындағы қабылдау актісімен жұмыстар аяқталып қабылданып алынған.

b) «Алакөл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Ушарал – көркейту» ЖШС-і арасында Алматы облысы Алакөл ауданы Қектүма ауылындағы «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Қектүма орта мектебінің» ғимаратына құрделі жөндеу жүргізуге жобалық сметалық құжаттама әзірлеуге 2017 жылдың 07 ақпанында 14401,8 мың теңгеге № 99 келісім шарт жасалған.

Мемлекеттік сараптама қортындысы 2017 жылғы 20 маусымында №18-0117/17.

2018 жылдың 12 маусымында «Ушарал – көркейту» ЖШС-мен Алматы облысы Алакөл ауданы Қектүма ауылындағы «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Қектүма орта мектебінің» ғимаратына құрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге 321583,9 мың теңгеге №269 келісім шарт жасалған.